

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының білім беру қызметінің мәселелері бойынша кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2022 жылғы 8 маусымдағы № 123 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 13 маусымда № 28440 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының білім беру қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясында іске асырылып жатқан білім беру бағдарламалары бойынша мамандықтар мен біліктіліктер тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2016 жылғы 31 наурыздағы № 58 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13654 болып тіркелген) күші жойылсын.

3. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы (бұдан әрі – Академия):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Академияның ректорына жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Бас Прокуроры*

Б. Асыллов

Қазақстан Республикасы
Бас Прокуроры
2022 жылғы 8 маусымдағы
№ 123 бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының білім беру қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясында оқу процесін, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қызметті ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2016 жылғы 31 наурыздағы № 55 бұйрығына (

Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13671 болып тіркелген) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясында оқу процесін, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қызметті ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларында:

3-тармақтың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін білім алушының өзіндік жұмысы (бұдан әрі – ОБӨЖ) – кафедра меңгерушісі бекітетін кесте бойынша оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін білім алушының жұмысы. ОБӨЖ білім алушының санатына сәйкес оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін магистранттың өзіндік жұмысы (бұдан әрі – ОМӨЖ) немесе оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін докторанттың өзіндік жұмысы (бұдан әрі – ОДӨЖ) болып бөлінеді.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Дәрістік кешен (дәріс тезистері), білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау және бағалау бойынша материалдар (жазбаша бақылау тапсырмалары, тест тапсырмалары, өзіндік дайындыққа арналған сұрақтар тізімі), оқу сабақтарын бағдарламалық және мультимедиялық сүйемелдеу (пәннің мазмұнына байланысты), мамандандырылған аудиториялар, кабинеттер тізбесі ЖОКБИ кафедраларында оқытушыда қағаз және электрондық тасымалдағышта сақталады.";

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Оқу процесін автоматтандыруды қамтамасыз ететін ақпараттық жүйеге құжаттардың электрондық нұсқалары:

1) осы Қағидалардың 12, 15-тармақтарында көрсетілген тиісті пәндер оқытушыларымен оқу жылы басталғанға дейін;

2) 22-тармақта көрсетілген ЖОКБИ директоры бекіткеннен кейін, оқу-әдістемелік жұмыс бөлімшесінің қызметкерлерімен он жұмыс күні ішінде енгізіледі.";

28-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"28. МЖЖЖ/ДЖЖЖ оқудың барлық кезеңіне жасалады және мынадай бөлімдерді қамтиды:

1) ғылыми-зерттеу, эксперименттік-зерттеу жұмысы (тақырыбы, зерттеу бағыты, есептілік мерзімі мен нысаны);

2) практика, тағылымдама (бағдарлама, база, есептілік мерзімі мен нысаны);

3) ғылыми негіздемесі мен құрылымы бар диссертацияның (жобаның) тақырыбы;

4) диссертацияны (жобаны) орындау жоспары;

5) ғылыми жарияланымдардың жоспары, ғылыми-практикалық (ғылыми-теориялық конференцияларға) қатысу және басқалар;

6) диссертацияның (жобаның) нәтижелерін практикалық және/немесе ғылыми қызметке және/немесе оқу процесіне енгізу;

7) аралық және қорытынды аттестаттаудан, МЖЖЖ/ДЖЖЖ орындау мәніне академиялық аттестаттаудан өту;

8) МЖЖЖ/ДЖЖЖ белгіленген мерзімде орындалғаны туралы белгі;

9) білім алушылардың МЖЖЖ/ДЖЖЖ орындағаны туралы комиссияның қорытындысы.

42-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

42. Академияның оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қызметі мынадай бағыттарды қамтиды:

1) алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибе мен білім беруді ақпараттандыруды жинақтау және тарату жөніндегі іс-шараларды өткізу;

2) білім алушылардың өзіндік жұмысын әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу;

3) білім беру процесін оқу әдебиеттерімен және ғылыми-әдістемелік әзірлемелермен қамсыздандыру мониторингін жүзеге асыру;

4) оқытудың жаңа технологиялары бойынша, оның ішінде кредиттік технология және қашықтан оқыту бойынша оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік құжаттар әзірлеу және енгізу;

5) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді және МЖМБС жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

6) оқу процесіне заманауи оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік, дидактикалық материалдарды және оқытудың автоматтандырылған жүйелерін бағдарламалық қамтамасыз етуді, ақпараттық қамтамасыз ету жүйелерін, ақпараттық-кітапханалық жүйелерін енгізу;

7) ЖОБ әзірлеу, УОБ жобаларын дайындауға қатысу;

8) МЖМБС талаптарын ескере отырып, УОЖ мен ЖОЖ-ты сараптау;

9) оқулықтар, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік кешендер, оқу-әдістемелік оқулықтар, дидактикалық материалдарды, оның ішінде электрондық тасымалдағышта әзірлеу;

10) оқытудың сапасын, білім алушылардың оқу жетістіктерінің деңгейін талдау;

11) білім алушылардың ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысының мазмұны мен нысандарын ұйымдастыру, үйлестіру, талдау;

12) оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты жетілдіру бойынша ғылыми, ғылыми-әдістемелік семинарларды, конференцияларды, кеңестерді ұйымдастыру және өткізу;

13) ғылыми жобаларды, ғылыми-әдістемелік әзірлемелерді әзірлеу және конкурстарға қатысу, олардың нәтижелерін оқу процесіне енгізу;

14) тиісті білім беру бағдарламалары бойынша магистранттарды, (PhD) философия және бейіні бойынша докторларды даярлауды ұйымдастыру және жүзеге асыру.";

Қағидалардың 1-қосымшасы осы Тізбенің 1-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын;

Қағидалардың 2-қосымшасында оң жақтағы жоғары бұрыш мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясында оқу процесін, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қызметті ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларына 2-қосымша".

2. "Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының ақпараттық жүйелері мен интернет-ресурстарына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2016 жылғы 31 наурыздағы № 56 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13655 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының ақпараттық жүйелері мен интернет-ресурстарына қойылатын талаптар осы Тізбенің 2-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.

3. "Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясында ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2016 жылғы 31 наурыздағы № 59 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13656 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясында ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қағидалар Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының (бұдан әрі – Академия) магистратурасы және докторантурасында білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау тәртібін анықтайды.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Академияда білім алушыларды курстан курсқа, бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне, Академиядан басқа жоғары оқу орындарына (бұдан әрі – ЖОО), басқа ЖОО-дан Академияға ауыстыру жүзеге асырылады.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Жұмыс оқу жоспарларының пәндері бойынша академиялық айырмашылықты Академия транскриптте көрсетілген зерделенген пәндерінің тізбесі, олардың бағдарламалары және академиялық сағат немесе кредитпен көрсетілген көлемі негізінде айқындайды.";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Академияға басқа ЖОО-нан ауыстыру кезінде білім алушы өзі білім алған ЖОО-ның оқу ісі жөніндегі проректор және офис-тіркеуші қол қойған транскриптің, ЖОО-ның басшысының атына ауыстыру туралы жазылған өтініштің (басшының қолы қойылып, мөр басылған) көшірмесін қоса ұсынып Академия ректорының атына еркін жазбаша нысанда ауыстыру туралы баянат жазады.

Білім алушыны ауыстырған кезде даярлық бағытын, білім беру бағдарламасының бейіні, оқу жетістіктері, сондай-ақ білім алушының академиялық адалдықты бұзу жағдайлары ескеріледі.";

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Академияда білім алушыны бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне ауыстыру, Академияға басқа ЖОО-нан ауыстыру тәртібіне ұқсас жүзеге асырылады.

Академияда бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне ауыстыру туралы өтініш болғанда, басқа ЖОО-ның атына жазылған өтініштің болуы талап етілмейді.";

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Академияға оқуға қайта қабылдану үшін кандидат транскрипті қоса ұсынып, еркін жазбаша нысанда Академия ректорының атына қайта қабылдау туралы баянат жазады".

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. ЖОКБИ-дың оқу-әдістемелік жұмыс бөлімшесі кандидаттың баянаты түскеннен кейін күнтізбелік үш күн аралығында ұсынылған транскриптің негізінде жұмыс оқу жоспарларындағы пәндердің академиялық айырмашылығы, пәннің мазмұны мен көлеміне сәйкес келген жағдайда меңгерілген кредиттерді қайта есептейді және меңгерілген пререквизиттерге сәйкес оқу курсы белгілейді.".

4. "Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясында білім алушылардың кәсіптік практикасын және тағылымдамасын ұйымдастыру және одан өту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2016 жылғы 31 наурыздағы № 60 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13657 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясында білім алушылардың кәсіптік практикасын және тағылымдамасын ұйымдастыру және одан өту қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қағидалар Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының (бұдан әрі – Академия) магистратурасы және докторантурасында білім алушылардың кәсіптік практикасы мен тағылымдамасын ұйымдастыру және өткізу тәртібін анықтайды.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Практика көлемі мен еңбек сыйымдылығы МЖМБС талаптарына сәйкес Академия дербес анықтайды.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Кәсіптік практика Академия және практика базалары арасында жасалған шарттар (меморандумдар, келісімдер) негізінде өткізіледі.";

12-тармақ алынып тасталсын;

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Кәсіптік практиканы өткізу үшін ЖОКБИ-дың директоры практика базаларымен келісілген бағдарламаны бекітеді.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Кәсіптік практика бағдарламасы, кадрларды даярлау бағытын, практика базаларын ұйымдастыру қызметінің сипатын ескере отыра жауапты кафедрамен әзірленеді және ОӘК отырысында қарастырылады".

Кәсіптік практика бағдарламасының мазмұнын және құрылымын Академия дербес анықтайды.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Кәсіптік практиканың бағдарламасы кадрларды даярлау бейінін, кәсіптік практика түрінің және білім беру бағдарламасының ерекшелігін айқындайды.";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Кәсіптік практиканы өтуі үшін білім алушылар осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кәсіптік практикадан өтудің жеке жоспарын құрастырады.";

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Білім алушыларды кәсіптік практикаға жіберу практикадан өту мерзімі, базасы, жетекшісі көрсетіле отырып Академия ректорының бұйрығымен ресімделеді.";

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Білім алушының кәсіптік практикадан өтуі бойынша есептік құжаттары (кәсіптік практикадан өту туралы жеке жоспар, есебі, практика жетекшісінің пікірі) Академияда оның оқуы аяқталғаннан кейін екі жыл бойы кафедрада сақталады.";

28-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"28. Магистранттардың педагогикалық практикасы басқа ЖОО-лардың базасында өткізіледі. Докторанттар үшін педагогикалық практиканы ЖОКБИ-дың базасында өтуге жол беріледі.";

32-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"32. Педагогикалық практика бағдарламасы білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес әзірленеді және білім алушыларда педагогтің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған.";

37-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"37. Зерттеу практикасының бағдарламасы білім беру бағдарламасының талаптарына, диссертациялық зерттеудің тақырыбына сәйкес әзірленеді және ғылыми зерттеулер өткізу дағдыларын игеруге бағытталған.";

40-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"40. Өндірістік практиканың мақсаты оқу барысында алған теориялық білімдерін бекіту, оқытылатын кадрларды даярлау бағыты бойынша тәжірибелік дағдыларды, күзінеттіліктерді және кәсіптік қызмет тәжірибесін меңгеру болып табылады.";

42-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"42. Өндірістік практика бағдарламасы білім беру бағдарламасының талаптарына, диссертацияның (жобаның) тақырыбына сәйкес әзірленеді және білім алушының кәсіби дағдыларын қалыптастыруға және біліктілік талаптарына сәйкес арнайы құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған.";

43-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"43. Өндірістік практикасының базалары кадрларды даярлау бейініне сәйкес келетін құқық қорғау органдары болып табылады.";

44-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"44. Өндірістік практикасының мазмұны диссертацияның (жобаның) тақырыбымен анықталады.";

45-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"45-1. Теориялық оқыту кезеңінде оқу процесінен қол үзбей тағылымдамадан, оның ішінде қашықтан өтуге жол беріледі.";

47-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"47. Тағылымдама Қазақстанның мемлекеттік және құқық қорғау органдарында, білім беру және (немесе) ғылыми ұйымдарында және (немесе) шетел мемлекеттерінде (бұдан әрі - тағылымдама базалары) диссертациялық зерттеу тақырыптары есепке алынып жүргізіледі.

Білім алушылардың тағылымдамасын ұйымдастыру Академия мен практика базалары арасында жасалған шарттар (меморандумдар, келісімдер) негізінде немесе білім алушылардың жеке шақырулары есепке алынып жүзеге асырылады.

Білім алушылар үшін ғылыми ұйымдарда және (немесе) тиісті салалардағы немесе қызмет аясындағы ұйымдарда, оның ішінде шетелде ғылыми тағылымдамадан өту көзделеді.

Шет мемлекеттердегі тағылымдамалар базаларының тізбесін Академияның халықаралық ынтымақтастық бөлімшесі (бұдан әрі – бөлімше) құрастырады.

Мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы, ел ішіндегі білім беру және (немесе) ғылыми ұйымдардағы тағылымдама базаларының тізбесін жауапты кафедра құрастырады.";

51-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"51. Білім алушы тағылымдаманы шет елде өту кезінде ЖОКБИ оқу-әдістемелік жұмыс бөлімшесіне мынадай құжаттарды:

1) Академия ректорының атына ғылыми жетекшінің/кеңесшінің, кафедра меңгерушісінің, ЖОКБИ директорының және Академияның жетекшілік ететін проректорының қолы бар баянат;

2) тағылымдамадан өту үшін тағылымдамадан өту базасынан мемлекеттік немесе орыс тілдеріне аудармасы бар шақыру-хаттың көшірмесі (қажет болған жағдайда);

3) тағылымдамадан өту жоспарын ұсынады.

мынадай мазмұндағы 51-1-тармақпен толықтырылсын:

"51-1. Білім алушылар мемлекеттік және құқық қорғау органдарында, ел ішіндегі білім беру және (немесе) ғылыми ұйымдарда тағылымдамадан өткен кезде жауапты кафедра ЖОКБИ-ның оқу-әдістемелік жұмыс бөлімшесіне мынадай құжаттарды:

1) тағылымдамадан өту үшін тағылымдама базасынан шақыру-хаттың көшірмесі;

2) тағылымдамадан өту жоспарын ұсынады.";

52-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"52. Білім алушыны тағылымдамаға жіберу тағылымдама басшыларын, өту базасы мен мерзімдерін көрсете отырып Академия ректорының бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.";

55-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"55. Білім алушылар тағылымдамадан өту кезеңінде қабылдайтын білім беру және (немесе) ғылыми ұйымының Жарғысын сақтайды.";

58-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"58. Білім алушы тағылымдама аяқталғаннан кейін осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тағылымдамадан өткені туралы есеп жасайды.

Есеп ғылыми жетекшімен (кеңесшімен), жауапты кафедра меңгерушісімен расталады.

Білім алушының тағылымдама нәтижелері туралы есебін жауапты кафедра меңгерушісі және оның оқытушылары арасынан ЖОКБИ директорымен құрылған комиссия қарайды.

Есепті қорғау үшін білім алушы комиссия отырысына шақырылады. Есепті қорғау нәтижелері бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесіне сәйкес бағаланады.

Комиссия шешімі хаттамамен ресімделеді.";

Қағидалардың 2-қосымшасы алынып тасталсын;

Қағидалардың 4-қосымшасы осы Тізбенің 3-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын;

Қағидалардың 5-қосымшасы алынып тасталсын.

5. "Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясында білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, оларға аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан

Республикасы Бас Прокурорының 2016 жылғы 31 наурыздағы № 64 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13660 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясында білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, оларға аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу қағидаларында :

8-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Межелік бақылау бір академиялық кезең ішінде бір оқу пәні шеңберінде кемінде екі рет өткізіледі. Межелік бақылау нәтижелерін оқу тобының білім алушыларының сабақтарын, үлгерімін және қатысуын тіркеу журналына межелік бақылау өткізілген күннен кешіктірмей қойылады және оқу процесінің сапасын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеумен Академияның Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының (бұдан әрі - ЖОКБИ) кафедра отырыстарында тұрақты қаралады.

Межелік бақылау ведомосі осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша құрастырылады.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Аралық аттестаттаудың кезеңділігі мен ұзақтылығы Академияның Оқу-әдістемелік кеңесінің шешімі бойынша Академия ректорымен бекітілген жұмыс оқу жоспарына және академиялық күнтізбеге сәйкес анықталады.";

11-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11-1. Әрбір оқу пәні бір академиялық кезеңде оқытылады және қорытынды бақылаумен (емтиханмен) аяқталады.

Егер пәннің ұзақтығы екі және одан көп академиялық кезеңнен тұрса, әр академиялық кезең аяқталған соң емтихан түрінде аралық бақылау өткізіледі.";

13-тармақ алынып тасталсын;

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Емтихандар жазбаша, ауызша, тестілеу немесе аралас түрде жүргізіледі.

Тестілеу түрінде екі және одан да көп пән бойынша олардың бейіндік және туыстық қағидасын сақтай отырып кешенді емтихан белгілеуге болады.

Оқытушы әрбір оқу пәні бойынша емтиханды өткізу нысаны мен тәртібін кафедра отырысының шешімі негізінде дербес белгілейді және пәннің жұмыс оқу бағдарламасында айқындалады.";

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Білім алушыға аралық аттестаттау кезінде оқу пәні (модуль) бойынша емтиханды бір реттен артық емес қайта тапсыруға жол беріледі.

"Қанағаттанарлықсыз" "FX" бағасын алған кезде, оқу пәні бағдарламасынан (модульді) қайта өтпей-ақ Академияның академиялық күнтізбесіне сәйкес қорытынды бақылауды (емтиханды) қайта тапсыруға жол беріледі.

"F" бағаға сәйкес келетін "қанағаттанарлықсыз" деген баға алған жағдайда білім алушы академиялық кезең аяқталғаннан кейін өздігінен пәнді зерделейді, рұқсат алады және қорытынды бақылауды тапсырады.

Екінші рет "қанағаттанарлықсыз" бағаға сәйкес келетін FX немесе F бағасын алған жағдайда білім алушы алған бағалардың санына қарамастан Академиядан академиялық үлгермегені үшін оқудан шығарылады.";

34-тармақтың екінші абзацы алынып тасталсын;

36-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"36. Академиядағы магистрантты қорытынды аттестаттау академиялық күнтізбеде, білім беру бағдарламасында және оқу жұмыс жоспарларында көзделген мерзімде кешенді мемлекеттік емтихан (бұдан әрі – кешенді емтихан) тапсыру және магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау нысанында өткізіледі.

Магистрантты қорытынды аттестаттаудың мақсаты магистратураның білім беру бағдарламасын оқып аяқтағаннан кейін қол жеткізілген негізгі оқу нәтижелері мен басты құзыреттіліктерді бағалау болып табылады.

Докторанттың қорытынды аттестаттау докторлық диссертацияны жазу және қорғау түрінде жүргізіледі. Докторанттардың диссертациялық жұмыстарын қорғауы Академияның Диссертациялық кеңесінің отырысында жүзеге асырылады.

Докторантты қорытынды аттестаттаудың мақсаты докторанттың ғылыми-теориялық және зерттеу-талдау деңгейін, қалыптасқан кәсіби және басқарушылық құзыреттілігін, кәсіби міндеттерді өз бетінше орындауға дайындығын, оның дайындығының докторантураның білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкестігін бағалау болып табылады.";

38-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"38. Білім беру бағдарламасының және (немесе) жұмыс оқу жоспарының және (немесе) жұмыс оқу бағдарламаларының және (немесе) білім алушының жеке жұмыс жоспарының талаптарын орындамаған бітіруші курстың білім алушысы академиялық үлгермегені үшін Академиядан шығарылады.";

41-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"41. МАК құрамына ғылыми дәрежесі немесе ғылыми атағы және (немесе) (PhD) философия докторы, бейіні бойынша доктор және (немесе) магистр дәрежесі бар тұлғалар, сондай-ақ, құқық қорғау органдарының мамандары енгізіледі.";

43, 44-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"43. Білім алушыларды қорытынды аттестаттауға жіберу қорытынды аттестаттау басталғанға дейін академиялық күнтізбеде белгіленген мерзімде Академия ректорының бұйрығымен тізім бойынша ресімделеді және МАК-қа ұсынылады.

44. Кешенді емтиханға магистратураның тиісті білім беру бағдарламасының базалық және бейіндік циклының пәндері кіреді.";

52-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"52. Кешенді емтихан және (немесе) магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау нәтижесі бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған білім алушылар ЖОКБИ директорының ұсынысы негізінде Академия ректорының бұйрығымен транскрипт бере отырып, оқудан шығаруға жатады.";

55-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"55. Апелляция өткізу үшін Академия ректорының бұйрығымен біліктілігі кадрларды даярлау бағытының бейініне сәйкес келетін оқытушылар санынан апелляциялық комиссия құрылады.

Апелляция қанағаттандырылған жағдайда МАК мәжілісі хаттамасы қайта ресімделеді. Бірінші хаттамадағы қорытынды "Баға 20__ жылғы "____" _____ 20____ _№__ хаттамамен қайта қаралды _____ парак" деген жазумен өзгертіледі және оған қатысқан МАК мүшелерінің бәрі қол қояды.";

59, 60, 61-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"59. Магистрлік диссертацияларды (жобаларды) қорғау кестесі академиялық күнтізбеге сәйкес бекітіледі. Бір жұмыс күні қорғауға 8-ден аспайтын магистрант жіберіледі.

Магистрлік диссертацияларды (жобаларды) қорғау МАК-тың ашық отырысында оның 2/3 кем емес мүшелерінің қатысуымен өткізіледі.

60. Бір магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау ұзақтылығы 50 минуттан кем болмауы қажет. Магистрант магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау үшін МАК-тың алдында кемінде 15 минут баяндамамен сөз сөйлейді.

61. Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау:

1) ғылыми жетекшінің оң пікірі;

2) жарияланымдар;

3) бітіртуші кафедраның (орталықтың) қорғауға ұсыну туралы шешімі (кафедра отырысының хаттамасынан көшірмесі);

4) диссертацияға (жобаға) жан-жақты сипаттама және тиісті білім беру бағдарламасы немесе кадрларды даярлау бағыттары бойынша магистр дәрежесін беру мүмкіндігі туралы дәлелді қорытынды берілетін біліктілігі (ғылыми дәрежесі немесе дәрежесі) қорғалатын жұмыс бейініне сәйкес келетін рецензенттің бір рецензиясы;

5) магистрлік диссертацияны (жобаны) онда сәйкестіктің болуы мәніне тексеру нәтижелері туралы Академияның анықтамасы мен есебі болған жағдайда жүзеге асырылады.

Егер ғылыми жетекші және/немесе бітіртуші кафедра "қорғауға жіберілмейді" немесе "қорғауға ұсынылмайды" деген теріс қорытынды берсе, магистрант магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғауға жіберілмейді.";

63-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"63. Қорытынды аттестаттаудан өткен және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламасын игергенін растаған және магистрлік диссертацияны (

жобаны) көпшілік алдында қорғаған магистрантқа МАК шешімімен тиісті білім беру бағдарламасы бойынша "магистр" дәрежесі беріледі және тегін негізде диплом және дипломға қосымша беріледі.

МАК шешімі әрбір магистрантқа магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау жөніндегі МАК отырысының хаттамасымен осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ресімделеді.";

65, 66, 67-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"65. Мемлекеттік үлгідегі диплом мен қосымшаны беру академиялық күнтізбеде белгіленген мерзімде Академия ректорының шығару туралы бұйрығының негізінде жүзеге асырылады.

Шығару туралы Академия ректорының бұйрығы МАК төрағасының ұсынысы негізінде шығарылады.

66. МАК төрағасы магистранттардың қорытынды аттестаттауы аяқталғаннан кейін он жұмыс күні ішінде магистранттардың қорытынды аттестаттауының нәтижелері туралы есеп дайындайды.

Қорытынды аттестаттау нәтижелері туралы есеп осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мәліметтер мен түсіндірме жазбадан тұрады.

Түсіндірме жазбада:

1) Академияда тиісті білім беру бағдарламасы бойынша магистрлерді даярлау деңгейі;

2) кешенді емтиханда анықталған білім алушылардың біліміне сипаттама;

3) тиісті білім беру бағдарламасы бойынша магистрлерді даярлаудың сапасын талдау;

4) магистрлік диссертация (жоба) тақырыптарының құқықтық ғылым, құқық қолдану практикасының заманауи жай-күйіне және құқық қорғау органдарының сұраныстарына сәйкестігі;

5) магистрлік диссертацияларды (жобаларды) орындау сапасы;

6) магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау деңгейінің сараптау комиссиясының қорытындысына, ғылыми жетекшісінің пікіріне, ресми оппоненттің сын-пікіріне сәйкестігі;

7) магистрлерді даярлауды одан әрі жетілдіру бойынша ұсынымдар көрсетіледі.

67. Магистранттардың қорытынды аттестаттау нәтижесі туралы есебіне МАК төрағасы қол қояды, Академияның Оқу-әдістемелік кеңесінде қарастырылады және бекітіледі.";

68-тармақ алынып тасталсын;

70-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"70. Академия Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына шығарудан кейін жиырма жұмыс күні ішінде:

1) бітірушілердің жеке тізімін қоса бере отырып, білім беру бағдарламаларын, берілген дипломдардың нөмірі және қызмет орнын көрсете отырып магистратурадан шығару туралы;

2) бітірушілердің жеке тізімін қоса бере отырып, білім беру бағдарламаларын және қызмет орнын көрсете отырып докторантурадан шығару туралы ақпаратты ұсынады.";

Қағидалардың 1-қосымшасы осы Тізбенің 4-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын;

Қағидалардың 2-қосымшасы осы Тізбенің 5-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын;

Қағидалардың 3-қосымшасы осы Тізбенің 6-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын;

Қағидалардың 4-қосымшасы осы Тізбенің 7-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын;

Қағидалардың 5-қосымшасы осы Тізбенің 8-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын;

Қағидалардың 6-қосымшасы осы Тізбенің 9-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының өзгерістер
мен толықтыру енгізілетін
кейбір бұйрықтарының тізбесіне
1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының
жанындағы Құқық қорғау
органдары академиясында
оқу процесін, оқу-әдістемелік
және ғылыми-әдістемелік
қызметті ұйымдастыру
және жүзеге асыру
қағидаларына
1-қосымша

**Білім алушылардың оқу жетістіктерін дәстүрлі баға шкаласына ауыстыра отырып,
бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі**

Әріптік жүйе бойынша баға	Сандық эквивалент	Баллдар (%-дық мазмұны)	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	

C-	1,67	60-64	Қанағаттанарлық
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының өзгерістер
мен толықтыру енгізілетін
кейбір бұйрықтарының тізбесіне
2-қосымша
Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2016 жылғы 31 наурыздағы
№ 56 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының ақпараттық жүйелері мен интернет-ресурстарына қойылатын талаптар

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының ақпараттық жүйелері мен интернет-ресурстарына қойылатын талаптар (бұдан әрі – Талаптар) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-1-бабының 15) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Ақпараттық жүйелер мен интернет-ресурстарды Академия білім беру қызметін тиімді ұйымдастыру және бақылау, сондай-ақ Академияның оқу, ғылыми, тәрбие және инновациялық қызметтегі жетістіктерін танымал ету және тәжірибесін тарату мақсатында пайдаланады.

3. Талаптарда келесі негізгі ұғымдар қолданылады:

1) Академияның ақпараттық жүйелері (бұдан әрі – ААЖ) - ақпараттық өзара іс-қимыл арқылы белгілі бір технологиялық әрекеттерді іске асыратын және ақпаратты сақтауға, іздеуге, өңдеуге және нақты функционалдық міндеттерді шешуге арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсетуші персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып ретке келтірілген жиынтығы;

2) интернет-ресурс (бұдан әрі - ИР) – аппараттық-бағдарламалық кешенде орналастырылатын, бірегей желілік мекенжайы және (немесе) домендік аты бар және интернетте жұмыс істейтін, мәтіндік, графикалық, аудиовизуалды немесе өзге де түрде бейнеленетін электрондық ақпараттық ресурс;

3) контент – ақпараттық жүйе мен интернет-ресурстың мәтіндік, мәтіндік емес немесе медиа мазмұны;

4) электрондық құжат – ақпарат электрондық-цифрлық нысанда ұсынылған құжат.

4. Осы Талаптардың күші мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қамтитын электрондық құжаттарға қолданылмайды.

5. ААЖ және ИР техникалық қолдауды, жұмысты ұйымдастыруды (әкімшілендіруді) Академияның тиісті құрылымдық бөлімшесі қамтамасыз етеді.

6. ААЖ және ИР ақпараттық толықтыруды, оларды өзектендіруді Академияның тиісті құрылымдық бөлімшелері жүзеге асырады.

7. ААЖ мен ИР контентінің өзектендіру, толықтыру, анықтығы мен сапасына мониторингті Академияның уәкілетті тұлғалары жүзеге асырады.

8. ААЖ мен ИР-ды әзірлеуді Академияның Ғылыми-білім беру қызметінің сапасын жақсарту мақсатында Академияның қажеттілігін немесе ұсынылған техникалық тапсырмамен (сипаттамамен) құрылымдық бөлімшелерден мәлімделген өтінім бойынша Академияның тиісті бөлімшесі жүзеге асырады.

2-тарау. ААЖ мен ИР-ға қойылатын талаптар

9. ААЖ 2015 жылғы 24 қарашадағы "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 38-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы стандарттарға, ақпараттық жүйенің өмірлік цикліне сәйкес және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарды қамтамасыз етуді ескере отырып құрылады, пайдаланылады және дамиды.

10. Әзірленетін немесе сатып алынатын дайын ААЖ мынадай критерийлерге сәйкес келуі тиіс:

- 1) сенімділік;
- 2) ілесіп жүру;
- 3) пайдалану ыңғайлылығы;
- 4) пайдаланушы интерфейсінің көптілділігі;
- 5) тиімділік;
- 6) әмбебаптылық;
- 7) функционалдылық;
- 8) резервтік көшірменің болуы.

11. ААЖ ақпаратты рұқсатсыз кіруден қорғауды қамтамасыз етеді, атап айтқанда:

1) ААЖ-ға кіру құқығын және ондағы іс-әрекеттерді анықтау үшін пайдаланушыны авторизациялау;

2) объектілердің иерархиясын және ұйымдық құрылымға жататындығын ескере отырып, жүйені пайдаланушылар құқықтарының рөлдер, топтар және қолжетімділік деңгейі бойынша ара-жігін ажырату;

3) жүйелік файлдарды рұқсат етілмеген пайдаланушылардың және бағдарламалық процестердің өзгеруінен немесе зақымдануынан қорғау.

12. ААЖ пайдаланушының жүйеге кіруіне уақытша тыйым салудың функционалдығын қамтамасыз етеді.

13. ИР Академияның Жарғысына сәйкес оның қызметіне қатысты ақпаратты, жеке ақпараттық ресурстарға, сондай-ақ құқық иеленушілермен жасалған шарттар мен келісімдер негізінде жоғары оқу орындарының ресми интернет-ресурстарында орналастырылатын басқа да ұйымдардың ресурстарына сілтемелерді қамтиды.

14. ИР-да Академия қызметіне қатысы жоқ мәліметтерді орналастыруға жол берілмейді.

15. ИР-ға ақпаратты орналастыру мен жаңартуды Академия дербес айқындайды.

16. Ақпарат ААЖ мен ИР-да мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастырылады.

17. ААЖ мен ИР үшінші тұлғалардың авторлық және зияткерлік құқықтарын бұзбайды.

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының өзгерістер
мен толықтыру енгізілетін
кейбір бұйрықтарының тізбесіне
3-қосымша

Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының
жанындағы Құқық қорғау
органдары академиясында білім
алушылардың кәсіптік
практикасын және
тағылымдамасын ұйымдастыру
және одан өту қағидаларына
4-қосымша
Нысан

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институты Тағылымдамадан өту жоспары _____ (білім алушының тегі, аты, әкесінің (бар болған жағдайда))

Білім беру бағдарламасы _____

1	Өтетін ел	
2	Ұйым	
3	Өту мерзімі	
4	Тақырыбы	
5	Өзектілігі мен жаңалығы	
6	Мақсаты	
7	Міндеттері	
8	Зерттеу объектісі	
9	Күтілетін нәтижелер	

Тағылымдамадан өту кестесі

№	Іс-шара атауы	Іс-шараны өткізу мерзімі	Зерттеуде қолданылатын технологиялар мен әдістер	Есеп беру нысаны
---	---------------	--------------------------	--	------------------

Кафедра отырысында қарастырылды

20__ж. " __ " _____ № __ хаттама

Магистрант/докторант Т.А.Ә. (болған кезде) _____

Ғылыми жетекші/ғылыми кеңесші Т.А.Ә. (болған кезде) _____

Кафедра меңгерушісі Т.А.Ә. (болған кезде) _____

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының өзгерістер
мен толықтыру енгізілетін
кейбір бұйрықтарының тізбесіне
4-қосымша
Қазақстан Республикасының
Бас прокуратурасы жанындағы
Құқық қорғау органдары
академиясында білім
алушылардың үлгеріміне
ағымдағы бақылау, оларға
аралық және қорытынды
аттестаттау жүргізу
қағидаларына
1-қосымша

Нысан

Межелік бақылау ведомосі

Институт _____

Білім беру бағдарламасы _____

Пән _____ семестр _____ оқу жылы

Межелік бақылау өткізілген күн: (P1) 20__ж. " __ " _____

(P2) 20__ж. " __ " _____

№ р/н	Білім алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Межелік бақылау қорытындысы (пайызбен)		Орташа рейтингі (пайызбен)	Жіберілу рейтингі
		P1(7 апта)	P2 (15 апта)		

Оқытушы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Институт директоры _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының өзгерістер
мен толықтыру енгізілетін
кейбір бұйрықтарының тізбесіне
5-қосымша
Қазақстан Республикасының
Бас прокуратурасы жанындағы
Құқық қорғау органдары
академиясында білім
алушылардың үлгеріміне
ағымдағы бақылау, оларға
аралық және қорытынды
аттестаттау жүргізу
қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Қорытынды бақылау ведомосі

Институт _____
Білім беру бағдарламасы _____
Пән _____ Кредиттер саны _____
_____ семестр _____ оқу жылы
Емтихан өткізілген күн: 20__ ж. " ____ " _____
Оқытушы _____
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

№	Білім алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Жіберу рейтингі	Емтихандық баға	Қорытынды баға			Қолы
				пайызбен	балмен	бағалаудың балдық рейтингтік әріптік жүйесі	

Институт директоры _____
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), қолы)

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының өзгерістер
мен толықтыру енгізілетін
кейбір бұйрықтарының тізбесіне
6-қосымша
Қазақстан Республикасының
Бас прокуратурасы жанындағы
Құқық қорғау органдары
академиясында білім
алушылардың үлгеріміне
ағымдағы бақылау, оларға
аралық және қорытынды

Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы отырысының №__ ХАТТАМАСЫ
(әрбір білім алушыға толтырылады)

20__ж. " __ " _____ сағат ____ минуттан ____ сағат ____ минутқа дейін

Қатысқандар:

Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының төрағасы _____

Комиссия мүшелері:

мамандық бойынша кешенді емтихан тапсыру туралы

Білім алушы _____ емтихан
тапсырады

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Сұрақтар: (пәндер блогі бойынша емтихан нәтижелері)

1) _____

2) _____

3) _____

1. Білім алушы _____ кешенді емтиханды _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

_____ бағамен тапсырды деп
танылсын

(балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша баға)

2. Білім алушы _____
белгіленсін.

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

3. Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы мүшелерінің пікірлері (бар болған жағдайда
)

Төраға _____ (ҚОЛЫ)

Комиссия мүшелері _____ (ҚОЛЫ)

Хатшы _____ (ҚОЛЫ)

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының өзгерістер
мен толықтыру енгізілетін
кейбір бұйрықтарының тізбесіне
7-қосымша

Қазақстан Республикасының
Бас прокуратурасы жанындағы
Құқық қорғау органдары
академиясында білім
алушылардың үлгеріміне
ағымдағы бақылау, оларға
аралық және қорытынды
аттестаттау жүргізу
қағидаларына
4-қосымша

а

Нысан

**Магистранттың магистрлік диссертациясын (жобасын) қарау бойынша мемлекеттік
аттестаттау комиссиясының отырысының № _____ ХАТТАМАСЫ**

20__ж. " __ " _____ сағат _____ минуттан _____ сағат _____ минутқа дейін

Магистрант _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), білім беру бағдарламасы)

тақырыбындағы магистерлік диссертациясын (жобасын) қарау бойынша

Қатысқандар:

Төраға _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Мүшелері: _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Магистрлік диссертация (жоба) _____ ғылыми басшылығымен
орындалды

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), ғылыми дәрежесі немесе дәрежесі

Кеңес берді _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), ғылыми дәрежесі

немесе дәрежесі жұмыс орны, атқарып отырған лауазымы)

Рецензент _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), ғылыми дәрежесі, немесе дәрежесі,

жұмыс орны, атқарып отырған лауазымы)

Мемлекеттік аттестаттау комиссиясына мынадай материалдар ұсынылды:

1) магистрлік диссертация (жоба) _____ парақта;

2) магистрлік диссертацияға (жобаға) ғылыми жетекшісінің қорытындысы бар пікірі

;

("қорғауға жіберіледі" немесе "қорғауға жіберілмейді" деп көрсетілген)

3) бітіртуші кафедраның шешімі _____

—

(кафедра атауы, диссертация көпшілік алдында қорғауға ұсынылады немесе ұсынылмайды _____

—;

деп көрсетілген)

4) магистрлік диссертацияға (жобаға) бағасы қойылған пікір _____

—

—;

(пікір берушінің бағасы көрсетіледі)

5) ресми емес пікірлер _____

—

Магистрлік диссертацияның (жобаның) орындалғаны туралы хабарламадан кейін _____ минут ішінде магистрантқа мынадай сұрақтар қойылды:

1. _____

—

(комиссия мүшесінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және қойылған сұрақтар)

2. _____

—

(комиссия мүшесінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және қойылған сұрақтар)

Магистранттың қойылған сұрақтарға берген жауабының жалпы сипаттамасы

—

—

Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау барысында магистрант

—

—

(білім деңгейін бағалау)

көрсетті

Магистрант магистерлік диссертацияны (жобаны) орындады және бағамен

(білімді бағалаудың баллдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағасы)
қорғады деп танылсын.

Комиссия мүшелерінің маңызды пікірлері

Төраға _____ (қолы)

Комиссия мүшелері _____ (қолы)

_____ (қолы)

_____ (қолы)

Хатшы _____ (қолы)

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының өзгерістер
мен толықтыру енгізілетін
кейбір бұйрықтарының тізбесіне
8-қосымша

Қазақстан Республикасының
Бас прокуратурасы жанындағы
Құқық қорғау органдары
академиясында білім
алушылардың үлгеріміне
ағымдағы бақылау, оларға
аралық және қорытынды
аттестаттау жүргізу
қағидаларына
5-қосымша

**Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау бойынша мемлекеттік аттестаттау
комиссиясының № ____ ХАТТАМАСЫ**

20__ ж. "____" _____ сағат. ____ мин. ____ сағатқа дейін ____ мин.

"Магистр" дәрежесін тағайындау туралы

Қатысқандар:

Төраға

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Мүшелері:

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

— (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

— (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Магистрант _____

— (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), білім беру бағдарламасы)

Кешенді емтиханды тапсырды және магистерлік диссертацияны (жобаны)

— (кешенді емтихан, магистерлік диссертация (жоба), білімді бағалаудың рейтингілік әріптік жүйесі,

— тапсыру күні)

_____ бағамен
қорғады.

Магистрант кешенді емтиханды тапсырды және магистерлік диссертацияны
(жобаны) қорғады деп танылсын.

Магистрантқа _____

— (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

білім беру бағдарламасы бойынша

— (код және білім беру бағдарламасының атауы)

"Магистр" дәрежесі тағайындалды.

Комиссия мүшелерінің маңызды пікірлері

— Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру туралы диплом берілсін.

Төраға _____ (қолы)

Комиссия мүшелері _____ (қолы)

_____ (қолы)

_____ жылы бітірушілердің қорытынды аттестаттауларының бағалары
 ЖОО атауы _____
 білім беру бағдарламасы _____

Қорытынды ы аттестатта уға жіберілген білім алушылар дың саны	Қорытынды ы аттестатта уға келмегенд ердің саны	Қорытынды ы аттестатта уды тапсырған дардың саны	Оның ішінде бағаға тапсырды					Орташа балл
			Тек өте жақсы	Тек өте жақсы және жақсы	Аралас бағалар	Тек қанағаттан арлық баға алғандар	Тек қанағаттан арлықсыз баға алғандар	

Шығарудың салыстырмалы талдауы

Көрсеткіштері	Алдыңғы кезең	Есеп беру кезеңі
Сапасы %		
Үлгерімінің %		
Орташа балл		